

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»  
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XVIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS  
of the XVIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023  
Астана**

**УДК 001+37**  
**ББК 72+74**  
**G99**

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

**ISBN 978-601-337-871-8**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

**УДК 001+37**  
**ББК 72+74**

**ISBN 978-601-337-871-8**

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2023**

2. Монумент «Қазақ елі» <https://astana.citypass.kz/ru/2021/08/09/monument-kazakh-eli/>

3. 20 лет независимости: национальные символы

<https://www.ktk.kz/ru/news/video/2011/12/16/15219/>

ӘОЖ 902/904

## САҚ - ҚАЗАҚ ЖЕРЛЕУ ҒҰРПЫНДАҒЫ ЖЫЛҚЫ КУЛЬТІ

Еділқызы Аяулым

[edilkyzy.ayaulym@gmail.com](mailto:edilkyzy.ayaulym@gmail.com)

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Тарих факультетінің 1-курс студенті

Астана қ. Қазақстан

Ғылыми жетекшісі - Ү.Ұ.Үмітқалиев

Жылқы көшпенділер өркениетінің шаруашылығында, әдет-ғұрыптары мен әскери өнерінде үлкен маңызға ие болған. Ұлан-ғайыр далада өмір сүрген көшпенділердің өмірі жылқымен тікелей байланысты болғаннан кейін, олар оны дәріптеп, құрмет тұтты. Оның ең басты дәлелі ретінде жерлеу ескерткіштеріндегі жылқының сүйегі мен киім-кешектегі жылқы бейнелерінен көре аламыз.

Сақтардағы жылқы культі туралы мол мағұлмат беретін ескерткіштердің бірі Берел қорымы болып табылады. Берел қорымындағы ескерткіштер Қазақстанның ерте темір дәуіріндегі жылқы сүйектері табылған обалардың жартысынан астамын құрайды.

Негізінен Берелдегі ескерткіштерді жылқының саны бойынша 3 топқа бөліп қарастырады. Бірінші топ, қоғамның басында тұраған абыздар мен көсемдер жерленген обалар, ол обаларда ең көп жылқылар табылған. Екінші топ қоғамның қарапайым өкілдері жерленгендер, яғни жылқы саны да орташа. Үшінші, соңғы топ қоғамның қарапайым қатардағы өкілдері жерленген обалар, яғни жылқы саны да ең аздары [1].

Осы обалардың арасындағы ең әйгілісі, әрі ең көп зерттелгені №11 оба. Обада қима-тағанның солтүстік қабырғасы сыртында 13 жирен жылқы арнаулы қойылған да, олардың әбзелдерімен әшекейленген денелері бірнеше қабат қайыңтозбен жабылған. Олар кілең жирен және құлан түстес айғырлар, екі қабатталып қойылған: астыңғы қабатта жетеу, үстінде алтауы. Жануарды сол кездегі кеңінен тараған әдіс – қас маңдайда чеканмен (шот тектес қару) ұрып өлтіріп, қабірге аяқтарын бауырына жиып, мойындарын алға созып қойған [2].

Осы тұста атап өте кетерлік жәйт, біріншіден, жылқылардың жирен түстес болуы. Жирен түс оттың түсімен бірдей, ал көшпенділер отқа табынған. Оттың ең басты қасеиттері ол затты бір күйден екінші күйге ауыстыруы, яғни қаттыны жібіту, суды бу қылу, суықты жылыту, шикіні пісіру. Осыдан да болар ертедегі көшпенділер отты қатты дәріптеп құрмет тұтқан. Жерлеу рәсімінде бұл қабірге жирен түсті жылқылардың қойылуымен көрініс беріп отыр.

Жылқыны құрбандыққа шалудағы тағы бір себеп – жылқылардың маңдайынан ұрып өлтірілуі. Жылқыларды осындай әдіспен өлтірудегі себеп бұл дүниеде жылқының ешқандай бөлігі қалдырылмай, барлығы о дүниеге аттандырылуы тиіс деген түсінікте жатыр. Өлілерге арналған заттар тірілермен қолданылмауы тиіс деген ұғым қазіргі қазақтарда да сақталған. Оның мысалын мазар көтерген кезде артылған кірпіштерді зиратта қалдырудан көре аламыз.

Обада жылқылардың жерленуі жайлы олар марқұмды арғы алыс дүниеге шығарып салған немесе жеткізген, ол дүниеде де мініс құралы немесе құрбандық малы функциясын атқарған деген пікір де бар [2].

Атты дәріптеу Есік обасынан табылған алтын адамның киімінде де байқалған. Мұнда жылқыға сакральді мәні бар басқа да жануарлардың бөліктері берілген: тұяқты жануардың мүйізі мен құстың қанаттары. Осылайша, бұл синкретті образда жылқының тауға таутекедей қарғып шығып, артынша қанатын жайып, ата-бабалардың әруағы өмір сүріп жатқан жоғарғы әлемге ұшады деген транспортты функциясы көрсетілгендей.

Сонымен бірге жылқы әрдайым мәдениеттің ер адамға қатысты салаларының және

жауынгерлер тұрмысының ажырамас бөлігі болғандықтан, түркі дастандарындағы «батыр мен оның тұлпары» жайлы мотивтер скиф заманында пайда болғандығы айтылады [3].

Әлеуметтік беделі жоғары тұлғалардың бас киімдерінде қанатты және мүйізді тұлпардың болуы кездейсоқтық емес. Олар абыз ханның көзі тірісінде оның киелілігін, қасиеттілігін, делдалдық қызметтерін білдірсе, жерлеу рәсіміндегі жылқы марқұмды өлгеннен кейін о дүниеге жеткізуді қамтамасыз ететін тасымал-даушы рөлін атқарған [4].

Мақалада келтірілген бірнеше мысалдардан біз сонау ерте заманда өмір сүрген сақтар мен қазіргі таңдағы қазақ халқының мәдениетіндегі ұқсастықтарды байқадық. Осы жерге тағы бір қосып кететін жәйт, ол атты тұлдау салты. Қазақ Алтайында өмір сүрген сақтарда қайтыс болған адаммен жерленген жылқылардың жалы мен құйрығы кесілген, және дәл осындай дәстүр қазақ халқында кездеседі. Қазақтар қайтыс болған адамның жылқысының жалы мен құйрығын қысқа қылып кесіп, оны табынға жіберген. Ол жылқыны ешкім қолдана алмаған және ол ешкімге тиесілі болмаған. Содан қайтыс болған адамның жылдық асы келгенде, сол жаңағы тұлдалған жылқыны құрбандыққа шалған. Осы кезде марқұмының отбасы жылқыға «Бізді кімге тапсырып, қайда тастап кетесің, иеңе сәлем айт» деп жылаған. Құрбандыққа шалынған жылқының сүйегін итке тастамаған, сүйекті жерге көмген немесе өртеп жіберген.

Бұл дәстүр біршама өзгерулермен қазақ халқында әлі күнге дейін сақталған, әсіресе Шығыс Қазақстанда қаттырақ байқалады, бұл жердің тұрғындары зират басына жылқының бас сүйегін қояды екен [5].

Тағы да бір жылқыға байланысты қазақ халқының салты Оңтүстікте кездеседі. Бұл жерде қайтыс болған адамның табытын «ағаш ат» деп атайды

«Сөйлеп қал тіршілікте қызыл тілім

Жаны жоқ, ағаш атқа мінбей тұрып» [6].

Жалпы Сақ дәуірінің өлікке аттандыру ғұрпын қазақ халқымен байланыстыруда этнограф ғалым Ә. Төлеубаевтың тағы бір пікірін атап өткен жөн болар. Ол кісі өлікке ат арнау ғұрпы қазақ халқында әлі күнге дейін жалғасқан, әлі күнге халқымызда қайтыс болған адамның рухына бағышталып жылқы сойылады. Кей жағдайларда сиыр сойылып жататын болса о дүниеге әкесін сиырға мінгізіп жіберіпті деген мазаққа қалатын болған, деп айтқан болатын.

Яғни қазақ халқының өзінде де жылқы қайтыс болған адамның о дүниедегі серігі, оны тасымалдаушысы деп қарастырылған. Осы сияқты бір- қарағанда мүлдем сәйкес келмейтін дәстүрлер мен салттар, сонау ғасырлар бойғы қазақ халқында сақталып келе жатқан мәдени кодтың айқын дәлелі болып табылады. Келтірілген бірнеше дәлелдерден болашақта, сақ мәдениеті мен қазақ мәдениетін сабақтастырып зертеу, қажет ететін өзекті тақырып екенін аңғардық.

Қорытындылай келе Қазақ Алтайындағы жылқымен жерлеудің барлық мысалдарын айтпасақ та, негізгі және ең таңымалдарын қарастырып өттік. Мақаладан түйетін қорытынды, сақтардың жерлеу ғұрпында жылқының марқұмды о дүниеге шығарып салу, және оған серік болу секілді маңызды функцияны атқарғандығын және ол ұлтымызда әлі күнге дейін сақталғанын көрдің. Қазіргі замандағы жаңарған Қазақстанның өзінде жылқы өзінің ерекше рөлін жоғалтпаған, оған дәлел ұлтымыздың төл елтаңбасындағы қанатты пырақтың бейнесі болып табылады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі**

1. Жұматаев. Р.С. Қазақстанды ежелгі дәуірлер мен орта ғасырларда мекендеген жұрттардың әдет- ғұрпындағы жылқы (Мәденигенездік аспект)// Қазақстан республикасы Алматы, 2019. 74-76 бет
2. Самашев З.С. Берел. - Алматы: Таймас, 2011, 23 - 26 бет.
3. Базарбаева Ғ.А., Жұмабекова Г.С. Қазақстан сақтарының өнері // Қазақ даласы әміршілерінің алтыны: Корея мен Қазақстан арасындағы бірлескен каталог. – Астана-Сеул, 2018, 494-535 бб.
4. Жұмабекова Г.С., Базарбаева Ғ.А., Оңғар А. Есік. – Алматы, 2011, 200 бб.

5. Төлеубаев Ә.Т.. Раннесакская Шиликтинская культура. – Алматы, 2018, 343-344 бб.
6. Тоқтабай. Культ коня у казахов. – Алматы: КазИздат, 2004, 121 бб.

ӘОЖ 902/904

## **АНДРОНОВ МӘДЕНИЕТІНДЕГІ ӘЙЕЛ АДАМНЫҢ БАС КИІМІ: ЖАСАЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ МЕН ҚОҒАМДА БОЛҒАН МӘНІ**

**Жасұланқызы Шұғыла**

*shugyla.zhasulankyzy@bk.ru*

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Тарих факультетінің 2 курс студенті,

Астана қ., Қазақстан

Ғылыми жетекші – Ұ.Ұ.Үмітқалиев

Киім мәдениеттің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады, оның ерекшеліктерін ашу арқылы сол заманғы қоғам мен адам туралы көптеген дәлелдер ала аламыз. Костюм оның элементтері адамның жыныстық жасын және әлеуметтік мәртебесін, оның ежелгі өмірдегі рөлін нақтылауға көмек береді. Қола дәуіріндегі қорымдарды зерттеудің ұзақ кезеңіне қарамастан, Андронов халқының киімдерін, оның семиотикалық функцияларын қайта құру мәселесі әлі шешілмеген [1, 244 б.].

Технологиялық процесс жүн алудан басталады. Елді мекендерге жүргізілген археологиялық зерттеулер нәтижесінде мәдени қабаттардан табылған сүйектер және жерлеу орындарынан құрбандыққа шалынға қой сүйектерінің саны бойынша жетекші орындар Андронов мәдениетті тұр. Сол уақыттағы қойлардың жалпы түрінің сипаттамасы: ірі қойлар, орташа биіктігі 70 см және салмағы 50 кг. Сүйектерді зертеу нәтижесінде қойлар қазіргі "чунтук" тұқымы-жүні дәрекі, құйрықты қойларға ұқсас болды [2, 78 б.]. Олар жүнді шикізат ретінде алғанан кейін оны өңдеуге жібереді. Лисаков үлгілеріндегі тоқыма мата талшықтарының сипаттамасы тоқымада сапасы жоғары өте биязы жүн пайдаланылғандығын көрсетеді [3, 26-35 бб.]. Жүннен жіп алу күрделі кезеңдерден тұрады, оларды жуып жақсылып тазалағанан кейін оларды жіп ируді бастайды. Лисаков қонысынан табылған киімнің қалдықтары жүннің жоғарғы деңгейде өңделгеніне үлкен дәлел бола алады. Әдетте жіп иірілгеннен кейін боялынатын болса, Лисаков текстилінде жүн толық өңдеуден кейін өткеннен кейін боялатын болған. Крапп – қызыл түсті өсімдіктен алынатын ертеден келе жатқан бояу, оған қызыл маренаның тамыры да қосылған. Крапп бояуымен боялған заттар ализарин мен күлгін түсті болып табылады.

Маренамен боялған маталарды ежелгі Египетте, Қытайда, Парсы, Орта Азияда ертеортағасырлық Францияда, Британияда, Скандинавияда қолданған Андроновтық адамдар өзінің киімдерінде қызыл түсті өте жиі қолданған [4, 39 б.].

Сол уақытта киімді меранамен бояу кең таралған. Бірақ бояу өте күрделі химиялық процесс болған бояу сіңімді ұзақ сақталу үшін түрлі шөптерді пайдаланған. Жүн тек қана қара түсте емес қызыл, қоңыр, қызылдың барлық реңтерінде боялған.

Андрондық әйелдің басты киімі ол бас киімі болып саналды, олар бас киімге аса үлкен мән беріп, түрлі бағалы тастармен безендірген. Егжей-тегжейлі біздің дәуірімізге дейінгі II мыңжылдықтағы Андронов қауымдастығының тұтас, бұзылмаған әйел зираттарынан, жерлеу орындарынан көптеген мәліметтер ала аламыз. Археологиялық мәліметтерге сүйене отырып, бас киімнің екі түрі ерекшеленеді. Бірінші түрі салпыншақпен болса екіншісі салпыншақсыз. Салпыншақпен, тастармен безендірілген бас киім андронов мәдениетінің киім үлгісіндегі басты сәні болғанын айқындайды. Сонымен қоса, кейде бас киімдердің әшекейлермен бірге біріктірілген түрлері де кездеседі [4] Бас киімнің салыстырмалы түрде жақсы сақталуы тек оның сапасымен ғана емес сонымен қатар оның жерленген жері және де зергерлік бұйымның сапалық және сандық мазмұны маңызды рөл атқарды. Әр бөлшектердің қанықтылығы, сәнділігі және оның сапасы костюмдегі бас киімнің ерекше мазмұны болғанын көрсететін бірден бір дәлел. Бас киімнің дизайны салтанатты костюмде ерекше